

Республикалық меншіктің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 қазандағы № 810 қаулысы.

"Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 114-бабының 1-тармағына және "Ұлттық әл-ауқат қоры туралы" 2012 жылғы 1 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 23-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі" мемлекеттік мекемесіне бекітіп берілген республикалық мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының акцияларын төлеуге берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігімен және "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамымен (келісу бойынша) бірлесіп осы қаулының 1-тармағынан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2019 жылғы 31 қазандағы
№ 810 қаулысына
қосымша

"Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының акцияларын төлеуге берілетін республикалық мүліктің тізбесі

Р/с №	Мүліктің атауы	Өлшем бірлігі	Саны	Түгендеу нөмірі	Орналасқан жері
1	2	3	4	5	6
1	Жел электрлік жабдық	дана	2	234001000004	Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы
2	Күн энергетикалық жабдық	дана	3608	234001000005	Алматы қаласы, Медеу ауданы, Алатау кенті